



SOROS.KZ



OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2018

ЗЕРТТЕУ

Шымкент қаласы мектептерін спорт жабдықтарымен қамтамасыз етуге бөлінетін қаржы жеткіліксіз.

F. ОРАЗЫМБЕТ

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен
"Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open
Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды.
Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын
білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқара-
сымен сәйкес келмеуі мүмкін.

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе	3
2. Зерттеу жұмысының әдістемесі	3
3. Қазіргі жағдайды талдау	4
4. Заңнама актілеріне, мемлекеттік және жергілікті бағдарламаларға шолу ...	14
5. Мемлекеттік сатып алу жұмыстарының нәтижелері	19
6. Тереңдетілген сұхбат нәтижелері (мектептерде сабақ беретін дене шынықтыру пәні мұғалімдері, Шымкент қалалық білім бөлімінің маманы)	25
Қорытынды мен ұсыныстар	29

КІРІСПЕ

Шымкент қаласында 133 мектеп бар. Бұл мектептерде 178 297 оқушы білім алады (Дереккөз: www.facebook.com әлеуметтік желісіндегі Шымкент қаласы әкімдігінің ресми парақшасы.). Мектеп жасындағы балалардың білімді, салауатты, жан-жақты дамыған азамат болып қалыптасуында оларға берілетін білім сапасы мен білім алуға жасалатын жағдайдың жоғары деңгейде болуы маңызды. Осы мақсатта атқарылып жатқан жұмыстар қай деңгейде, бүгінгі таңда балалардың толыққанды, сапалы білім алуына жасалып жатқан жағдай өз деңгейінде ме. Болмаса, оған қандай кедергілер бар, қандай проблемалар өзекті және жедел шешуді талап етеді. Осы сұрақтар әрқашан күн тәртібінде тұруы тиіс және үздіксіз бақылауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына» сәйкес, міндетті оқу пәндеріне он төрт пән кіреді. Осы пәндердің тізімінде «Дене шынықтыру» пәні де бар. Жасөспірімдердің физикалық тұрғыдан дұрыс дамуы, қалыптасуы үшін «Дене шынықтыру пәнінің» қажетті деңгейде өтуі маңызды. Қазіргі таңда аталмыш пәннің өту деңгейі қандай, мектептер осы пәнді сапалы өтуге қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген бе. Бұл зерттеу жұмысында осы мәселемен терең танысып, ағымдағы жағдайға сараптама жасап, бар проблемаларды шешу жолдары бойынша ұсыныстар әзірлеу көзделеді.

ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Зерттеу жұмысының мақсаты - мектептерді спорт жабдықтарымен қамтамасыз ету саласының қазіргі жағдайын талдау, бар проблемаларды анықтау, себептерін талдау, шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу нысаны – Шымкент қаласында орналасқан орта мектептер.

Зерттеу адресаты – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Зерттеу жұмысының міндеттері:

Шымкент қаласы мектептерінің спорт жабдықтарымен қазіргі қамтылу деңгейін анықтау, талдау жасау.

Мектептерде сабақ беретін пән мұғалімдерімен сұхбат жүргізіп, бұл мәселенің өзектілік деңгейін, бар проблемаларды анықтау.

Спорт жабдықтарымен қамтамасыз етуге кедергі болып отырған жағдайларға, проблемаларға талдау жасау.

Шешу жолдары бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері: бұл зерттеу жұмысында жергілікті органдарға ресми сұраныс жіберу, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінен және қалалық білім бөлімі мамандарынан тереңдетілген сұхбат алу, анкета, контент анализ сияқты әдістер қолданылды.

Мамандармен тереңдетілген сұхбатқа Шымкент қаласының 6 мектебінен 8 пән мұғалімі, Қалалық білім бөлімінен бір жауапты маман қатысты. Әр респондентпен сұхбат жеке, өз жұмыс орнында жасалды. Мамандардың жауапкершілік деңгейі мен саласына қарай жеке-жеке анкета сұрақтары әзірленіп, қолданылды:

А) Мектептің пән мұғалімдеріне - F2F сұхбатқа арналған сұрақтар мен мектептің қазіргі қамтамасыз етілу деңгейін анықтауға арналған, жабдықтар тізімі келтірілген анкета.

Б) Шымкент қалалық білім бөлімі маманына - өз жауапкершілік аясына қатысты F2F сұхбатына арналған сұрақтар.

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Шымкент қаласында орналасқан мектептердің спорт жабдықтарымен қамтылуы - күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл балалардың физикалық тұрғыдан дұрыс дамуына, қалыптасуына ықпал ететін ең маңызды факторлардың бірі. Мемлекеттік сатып алу жұмыстарына талдау жасау, қала мектептерінде жұмыс істейтін пән мұғалімдері мен білім бөлімі маманымен сұхбат барысында анықталғандай, қазіргі таңда мектептердің қамтамасыз етілуі тиісті деңгейден сан жағынан да, сапа жағынан да төмен. Зерттеу жұмысына негіз ретінде Шымкент қаласының алты орта мектебі алынды. Сол мектептерде анықталған жағдайларға тоқталып өтетін болсақ.

Ағымдағы жағдаймен танысу, мәлімет алу мақсатында Шымкент қаласының әкімі Н.Е.Сауранбаев пен Қалалық білім бөлімінің басшысы Ж.А.Тәжиеваның атына 2018 жылдың 17 сәуірінде он мектепке (№2, 10, 12, 31, 34, 37, 63, 67, 84, 99 орта мектептер) 2013-2018 жылдар аралығында бөлінген спорт жабдықтары мен осы мектептерді 2013-2018 жылдар аралығында спорт жабдықтарымен қамтамасыз етуге бөлінген қаржы көлемі жайында екі түрлі сұраныс жіберілді (№14/ЖТ-О-15437 және №14/ЖТ-О-15433 номерлі хаттар). Сұраныс хаттарға Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Қ.Нұртай мырзаның 03.05.2018 жылы берген №14/ЖТ-О-15433 номерлі жауабында бұл мәліметтерді www.goszakup.gov.kz порталынан көруге болатыны, сол жерде мәліметтер қолжетімді екені айтылып, сұралған мәліметтер берілмеді. Қ.Нұртай мырзаның жауабына сәйкес аталмыш порталдағы мектептерді спорт жабдықтарымен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік сатып алу шаралары қорытындыларымен танысу кезінде ол жердегі мәліметтер сұралған мәліметтермен сәйкес келмейтіні, толық еместігі белгілі болды. Біріншіден, ол жердегі мәліметтер жалпылама, мектептер бойынша жеке-жеке көрсетілмеген. Екіншіден, аталмыш порталда Шымкент қалалық білім бөлімінің спорт жабдықтарын сатып алу жұмыстары бойынша тек 2016 және 2017 жылдардағы мәліметтер бар. Қалған жылдар бойынша ешқандай мәлімет жоқ. Сондықтан, бұл мәселе бойынша сұранысқа берілген жауапты дұрыс емес деп есептеуге, және бұл салада ақпаратқа қол жетімділік тиісті деңгейде емес деген қорытынды жасауға болады.

Бұл саладағы ағымдағы жағдайды анықтау мақсатында пән мұғалімдерімен анкета және тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Анкета түрінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы **«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы»** №70 бұйрығында келтірілген, мектептерде болуы тиіс спорт жабдықтарының тізімі беріліп, өзі еңбек ететін мектепте бар жабдық түрлері мен санын белгілеп шығу ұсынылды. Алынған нәтиже төмендегідей:

Кесте 1. Мектеп №1

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
1.	Кабинетке арналған үстел	дана	1	2
2.	Кабинетке арналған шкаф	дана	2	2
3.	Медициналық қобдиша	дана	1	1
4.	Ойын ысқырығы*	дана	7	15
5.	Секундомер*	дана	7	10
6.	Қарапайым пластмасты табло	дана	3	3
7.	Допты тасымалдауға арналған себет	дана	1	4
8.	Допқа арналған насос	дана	1	2
9.	Гимнастикалық кіші ағаш ат	дана	1	2
10.	Гимнастикалық серіппелі көпір	дана	1	2
11.	Гимнастикалық тіке көпір	дана	1	2
12.	Металдан жасалған шығыршық	дана	10	30
13.	Гимнастикалық қабырға	дана	4	12
14.	Лақтыруға арналған доп	дана	1	20
15.	Футбол қақпасына арналған тор	дана	2	2
16.	Баскетбол торы	дана	2	10
17.	Тоғызқұмалақ	дана	2	15
18.	Шахмат	дана	2	15
19.	Дойбы	дана	2	15
20.	Футбол қақпасы торымен	дана	1	2
21.	Баскетбол бағандары қалқанымен, торымен	Дана	1	2
22.	Волейбол бағандары торымен	дана	2	2
23.	Гимнастикалық металл кермелері	дана	5	5

*- мұғалімдер өзі сатып алған жабдықтар

Кесте 2. Мектеп №2

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
1.	Кабинетке арналған үстел	дана	1	2
2.	Жартылай жұмсақ орындық	дана	1	5
3.	Кабинетке арналған шкаф	дана	2	2
4.	Медициналық қобдиша	дана	1	1
5.	Ойын ысқырығы*	дана	4	15
6.	Секундомер	дана	1	10
7.	Допқа арналған насос	дана	1	2
8.	Гимнастикалық кіші ағаш ат	дана	2	2
9.	Гигиеналық қақпағы бар көбік кілемше	дана	6	30
10.	Металдан жасалған шығыршық	дана	7	30
11.	Гимнастикалық серіппелі көпір	дана	1	2
12.	Өрмелеуге (тартуға) арналған арқан	дана	1	2
13.	Гимнастикалық орындық	дана	4	10
14.	Кабинетке арналған үстел	дана	2	2
14.	Лақтыруға арналған доп	дана	3	20
15.	Жартылай жұмсақ орындық	дана	5	5
15.	Баскетбол добы	дана	6	30
16.	Кабинетке арналған шкаф	дана	2	2
16.	Волейбол добы	дана	6	30
17.	Медициналық қобдиша	дана	6	30
17.	Футбол добы	дана	6	30
18.	Дене шынықтыру дайындығы бойынша нұсқаулықтар	дана	6	30
18.	Гандбол добы	дана	4	10
19.	Қолдың білезік буынының динамометрі	дана	4	10
19.	Волейбол торы	дана	3	15
20.	Ойын ысқырығы	дана	3	15
20.	Футбол қақпасына арналған тор	дана	3	15
21.	Секундомер	дана	3	10
21.	Баскетбол торы	дана	3	10
22.	Қарапайым пластмасты табло		2	10
22.	Стол теннисіне арналған жиынтық	жиынтық		
23.	Спорттық жабдықтарды сақтауға арналған сөрелер	дана	2	2
23.	Стол теннисіне арналған тор	дана	2	2
24.	Гимнастикалық кіші ағаш ат	дана	2	4
24.	Стол теннисіне арналған ракетка	дана	2	4
25.	Гигиеналық қақпағы бар көбік кілемше	дана	2	30
25.	Стол теннисіне арналған шарлар	дана	2	30
26.	Металдан жасалған шығыршық	дана	15	30
26.	Баскетбол қалқаны	дана	15	30
27.	Баскетбол шығыршығы	дана	2	2
			2	8

Продолжение таблицы №2 на следующем листе:

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
28.	Тоғызқұмалақ	дана	3	15
29.	Шахмат*	дана	2	15
30.	Дойбы*	дана	2	15
31.	Футбол қақпасы (торсыз)	дана	2	2
32.	Волейбол бағандары торымен	дана	2	2
33.	Металл қоссырықтар	дана	2	2
34.	Гимнастикалық металл кермелері	дана	7	5

***- мұғалімдер өзі сатып алған жабдықтар**

К – демеушілер әперген жабдықтар

Кесте 3. Мектеп №3

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
1.		дана		
2.		дана		
3.		дана		
4.		дана		
5.		дана		
6.		дана		
7.		дана		
8.		дана		
9.		дана		
10.		дана		
11.		дана		
12.		дана		
13.		дана		

Продолжение таблицы №3 на следующем листе:

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
14	Гимнастикалық таяқ*	дана	10	30
15	Өрмелеуге (тартуға) арналған арқан	дана	2	2
16	Гимнастикалық әмбебап керме	дана	2	2
17	Гимнастикалық орындық	дана	3	10
18	Гимнастикалық қабырға	дана	2	12
19	Лақтыруға арналған доп*	дана	4	20
20	Волейбол бағаны	дана	2	2
21	Баскетбол добы	дана	10	30
22	Волейбол добы	дана	5	30
23	Футбол добы	дана	10	30
24	Волейбол торы	дана	2	2
25	Волейбол торына арналған арқан	дана	2	2
26	Футбол қақпасына арналған тор	дана	2	2
27	Баскетбол торы	дана	4	10
28	Стол теннисіне арналған жиынтық	жиынтық	2	2
29	Стол теннисіне арналған ракетка	дана	8	16
30	Стол теннисіне арналған шарлар	дана	10	40
31	Баскетбол қалқаны	дана	2	2
32	Баскетболдың оқу қалқаны	дана	2	6
33	Баскетбол шығыршығы	дана	4	8
34	Нөмірленген ойын жилеті	дана	12	40
35	Белгілейтін фишкалар	дана	20	40
36	Гантелдер 1 килограмм	дана	4	10
37	Медицинбол	дана	10	30
38	Тоғызқұмалақ	дана	2	15
39	Шахмат	дана	1	15
40	Дойбы	дана	3	15
41	Футбол қақпасы (торсыз)	дана	2	2

***- мұғалімдер өзі сатып алған жабдықтар**

К – демеушілер әперген жабдықтар

Кесте 4. Мектеп №4

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
1.	Кабинетке арналған үстел	дана	2	2
2.	Жартылай жұмсақ орындық	дана	1	5
3.	Медициналық қобдиша	дана	1	1
4.	Допқа арналған насос	дана	2	2
5.	Ойын ысқырығы	дана	6	15
6.	Секундомер	дана	1	10
7.	Биіктіктегі бөрене	дана	1	1
8.	Өрмелеуге арналған арқан	дана	1	6
9.	Өрмелеуге арналған сырық	дана	1	6
10.	Гимнастикалық кіші ағаш ат	дана	1	2
11.	Гигиеналық қақпағы бар көбік кілемше	дана	4	30
12.	Гимнастикалық серіппелі көпір	дана	2	2
13.	Гимнастикалық тіке көпір	дана	1	2
14.	Металдан жасалған шығыршық	дана	10	30
15.	Өрмелеуге (тартуға) арналған арқан	дана	1	2
16.	Гимнастикалық таяқ	дана	20	30
17.	Гимнастикалық әмбебап керме	дана	1	2
18.	Гимнастикалық орындықтар	дана	10	10
19.	Гимнастикалық қабырға	дана	1	12
20.	Лақтыруға арналған нысана	дана	2	4
21.	Биіктікке секіруге арналған тұғыр теңдеуі	дана	1	2
22.	Биіктікке секіруге арналған баған	дана	1	2
23.	Волейбол бағаны	дана	1	2
24.	Баскетбол добы	дана	6	30
25.	Волейбол добы	дана	8	30
26.	Футбол добы	дана	6	30
27.	Волейбол торы	дана	2	2

Продолжение таблицы №2 на следующем листе:

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
28	Футбол қақпасына арналған тор	дана	2	2
29	Баскетбол торы	дана	4	10
30	Үстел теннисіне арналған жиынтық	жиынтық	1	2
31	Үстел теннисіне арналған торлар	дана	1	4
32	Үстел теннисін ойнауға арналған ракетка	дана	2	16
33	Үстел теннисін ойнауға арналған кішкене шар доптар (шарик)	дана	8	40
34	Баскетболдыңоқуқалқаны	дана	2	6
35	Баскетбол шығыршығы	дана	2	8
36	Тоғызқұмалақ	жиынтық	3	15
37	Шахмат	жиынтық	3	15
38	Дойбы	жиынтық	6	15
39	Мини футбол қақпасы торымен	дана	2	2
40	Баскетбол бағандары қалқанымен, торымен	дана	2	2
41	Волейбол бағандары торымен	дана	2	2

Кесте 5. Мектеп №5

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
1	Кабинетке арналған үстел	дана	2	2
2	Медициналық қобдиша	дана	1	1
3	Дене шынықтыру пәніне арналған нұсқаулық	дана	1	1
4	Допқа арналған насос	дана	1	2
5	Ойын ысқырығы*	дана	10	15
6	Секундомер*	дана	5	10
7	Қарапайым пластмасты табло*	дана	1	3
8	10 метрлік өлшеуіш лента*	дана	1	1
9	Биіктіктегі бөрене	дана	1	1
10	Өрмелеуге арналған арқан	дана	1	6

Продолжение таблицы №3 на следующем листе:

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
11	Гимнастикалық кіші ағаш ат	дана	2	2
12	Гигиеналық қақпағы бар көбік кілемше	дана	8	30
13	Гимнастикалық серіппелі көпір	дана	1	2
14	Металдан жасалған шығыршық	дана	10	30
15	Тартуға арналған арқан	дана	1	2
16	Гимнастикалық орындықтар	дана	8	10
17	Гимнастикалық қабырға	дана	4	12
18	Лақтыруға арналған доп	дана	2	20
19	Лақтыруға арналған граната 700 грамм	дана	1	6
20	Волейбол бағаны	дана	2	2
21	Баскетбол добы	дана	3	30
22	Волейбол добы	дана	3	30
23	Футбол добы	дана	2	30
24	Гандбол добы	дана	1	10
25	Волейбол торы	дана	2	2
26	Волейбол торына арналған арқан	дана	1	2
27	Футбол қақпасына арналған тор	дана	2	2
28	Баскетбол торы	дана	5	10
29	Үстел теннисіне арналған жиынтық	жиынтық	1	2
30	Үстел теннисіне арналған торлар	дана	2	4
31	Үстел теннисін ойнауға арналған ракетка	дана	4	16
32	Үстел теннисін ойнауға арналған кішкене шарлар	дана	3	40
33	Баскетбол қалғаны	дана	2	2
34	Баскетболдыңоқуқалқаны	дана	1	6
35	Баскетбол шығыршығы	дана	3	8
36	Еркектер футбол формасы	жиынтық	12	12
37	Нөмірленген ойын жилеті	дана	8	40
38	Тоғызқұмалақ	жиынтық	6	15
39	Шахмат	жиынтық	6	15
40	Дойбы	жиынтық	6	15

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
41	Мини футбол қақпасы торымен (торсыз)	дана	2	2
42	Баскетбол бағандары қалқанымен, торымен (шығыршықсыз)	дана	2	2
43	Гимнастикалық металл кермелері	дана	3	5
44	Ұзындыққа секіруге арналған сектор	дана	1	2

***-мұғалімдер өзі сатып алған жабдықтар**

Шахмат пен дойбы бір комплектіде

Кесте 6. Мектеп №6

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
1.	Кабинетке арналған үстел	дана	2	2
2.	Кабинетке арналған шкаф	дана	2	2
3.	Ойын ысқырығы*	дана	4	15
4.	Секундомер*	дана	2	10
5.	Допқа арналған насос	дана	1	2
6.	Биіктіктегі бөрене	дана	1	1
7.	Қоссырық	дана	1	1
8.	Өрмелеуге арналған арқан	дана	1	6
9.	Гимнастикалық кіші ағаш ат	дана	2	2
10.	Гимнастикалық серіппелі көпір	дана	1	2
11.	Металдан жасалған шығыпшық	дана	5	30
12.	Тартуға арналған арқан	дана	1	2
13.	Гимнастикалық қорындықтар	дана	5	10
14.	Гимнастикалық қабырға	дана	1	12
15.	Лақтыруға арналған граната 500 грамм	дана	2	6
16.	Эстафета таяқшасы	дана	6	10
17.	Екі адамдық туристік шатыр*	дана	2	15

№	Жабдық атауы	Түрі	Бары	Болуы керек
18.	Баскетбол добы	дана	4	30
19.	Волейбол добы	дана	3	30
20.	Футбол добы	дана	3	30
21.	Гандбол добы*	дана	2	10
22.	Волейбол торы	дана	2	2
23.	Футбол қақпасына арналған тор	дана	2	2
24.	Баскетбол торы	дана	4	10
25.	Үстелтеннисіне арналған торлар	дана	4	4
26.	Үстел теннисін ойнауға арналған ракетка*	дана	2	16
27.	Үстел теннисін ойнауға арналған кішкене шарлар	дана	5	40
28.	Баскетбол қалқаны	дана	2	2
29.	Еркектер баскетбол формасы	дана	10	12 (жиынтық)
30.	Тоғызқұмалақ	жиынтық	9	15
31.	Шахмат	жиынтық	4	15
32.	Дойбы	жиынтық	5	15
33.	Футбол қақпасы торымен	дана	2	2
34.	Баскетбол бағандары қалқанымен, торымен	дана	2	2
35.	Волейбол бағаны торымен	дана	2	2
36.	Металл қоссырық	дана	2	2
37.	Судья мұнарасы	дана	1	1

***- мұғалімдер өзі сатып алған жабдықтар**

К – демеушілер аперген жабдықтар

Жоғарыда айтылған ҚР Білім және ғылым министрінің №70 бұйрығына сәйкес, жалпы орта мектептерде болуы тиіс спорт жабдықтары 94 позициядан тұрады. Анкетаға қатысқан алты мектепте қазір бар спорт жабдықтарының позициялар бойынша көрсеткіштері:

№	Мектептер	Позиция саны	Бары	Мұғалімдер өзі сатып алған	Демеушілер сыйлаған
1	Мектеп №1	94	23	2	
2	Мектеп №2	94	34	1	
3	Мектеп №3	94	41	2	9
4	Мектеп №4	94	41		15
5	Мектеп №5	94	44	4	
6	Мектеп №6	94	37	5	4

Бұл көрсеткіштерден мектептердің спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілу деңгейінің қаншалықты төмен екенін көруге болады. Яғни, Шымкент қаласы мектептерінде дене шынықтыру пәнін сапалы өтуге мүмкіндіктер жоқ. Сәйкесінше, оқушылардың физикалық қалыптасу, дамуына жағдай тиісті деңгейде жасалмаған. Ескеру керек жағдай, бұл тек сандық көрсеткіштер. Бөлінетін спорт жабдықтарының сапалық көрсеткіштеріне мамандармен тереңдетілген сұхбат нәтижесін талдау бөлімінде кеңірек тоқталамыз.

ЗАҢНАМА АКТІЛЕРІНЕ, МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ШОЛУ

Зерттеу тақырыбы аясында осы мәселеге қатысты бірнеше заңнама актілеріне шолу жасалды. Олар: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы

«Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген)

«Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы)

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһаздармен жарақтандыру нормалары туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі. 2014 жыл 5 шілде. №235 -V Жергілікті даму бағдарламалары мен бюджеті.

Білім беру ұйымдарын тиісті деңгейде қамтамасыз ету. Міндеттер мен жауапкершілік.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 6, 47, 51, 54, 55, 61, 62 баптарында білім беру ұйымдарын тиісті деңгейде қамтамасыз ету жайлы айтылады.

6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті.

3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы:

12) мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім

беру ұйымдарын қоспағанда) және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады.

Бұл бап білім беру ұйымдарын қамтамасыз етуі тиіс органды, оның жауапкершілігін анықтайды.

47-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі.

3 – тармақ:

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға құқығы бар.

Бұл баптағы шарттарды жүзеге асыру туралы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» «Білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» бөлімінде былай делінеді:

«Дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұны:

- қимыл-қозғалыс белсенділігінің заңдылықтары, спорттық дайындық, дене тәрбиесімен шұғылданудың болашақ еңбек жолындағы маңызы, әскер қатарында қызмет етуге дайындау туралы білім көлемін кеңейтуді;
- білім алушының жасына және жыныстық ерекшеліктеріне сәйкес ағзаның қызмет ету қабілеттерін жоғарылатуды;
- спорттың негізгі түрлері бойынша техникалық және тактикалық әрекеттер мен тәсілдерді жетілдіруді; дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеттерінің дербес және ұжымдық түрлерінің құзыреттілігін дамыту, белсенді демалыс және спорттық жарыстарды ұйымдастырудың шығармашылық дағдыларын дамытуды;
- жеке тұлғаның өзін шынайы бағалауын, адамгершілік сананы, өмірлік көзқарасты, ұжымшылдықты қалыптастыру, мақсаткерлік, батылдық, ұстамдылық, табандылықты дамытуды;
- спорт түрлері бойынша олимпиадалық резервті дамытуға және қалыптастыруға жағдай жасауды қамтамасыз етуі тиіс.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша білім берудің мазмұнына қойылатын талаптармен бірге, аталмыш «Стандарттарда» одан күтілетін нәтижелер, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар да нақты көрсетілген.

Жалпы орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

Дене шынықтыру жаттығуларын орындау барысында техникалық қауіпсіздік ережелерін; әр түрлі бағыттылығы бар дене жаттығулары сабақтарының кешенін; жалпы дамыту және түзету бағытындағы дене жаттығуларының биодинамикалық ерекшеліктері мен мазмұнын, денені дамыту және денсаулықты нығайту міндеттерін шешуде оларды қолдану негіздерін; дене жүктемелері кезінде өз ағзасының қызмет етудегі физиологиялық негіздерін, дене шынықтыру арқылы оларды дамыту мен жетілдіру мүмкіндіктерін біледі;

Өз ағзасының психикалық-функционалдық ерекшеліктерін; дене тәрбиесімен жүйелі шұғылдану арқылы жеке тұлғаның дербес қалыптасу мүмкіндігі мен қасиеттерін; салауатты өмір салтын ұстануға қажеттілікті; атқарылатын қозғалыс әрекеттерінің ауырлық деңгейін; физикалық дайындықтың әртүрлі кезеңдерінде түрлі физикалық жүктеменің талап етілген қарқындылығына жету қажеттілігін түсінеді.

Бұл талаптар жалпы алты пункттен тұрады. Яғни, «Білім туралы» заңның 47-бап, 3-тармақ, 1-тармақ-шасы білім алушының осы «Стандарттарда» қойылатын талаптар мен күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге құқығын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, «Білім туралы» заңда педагог қызметкердің құқықтары да нақты көрсетілген:

51-бап. Педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі.

2-тармақ: 1) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға құқығы бар.

Ал осы баптың 3-тармақ, 2-тармақшасында педагог қызметкердің міндеттері төмендегідей: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру сапасын қамтамасыз етуі тиіс.

Аталмыш Заңның 8-тарауы толықтай білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу шараларын қамтиды.

54-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаты мен нысандары

Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу білім алуға конституциялық құқықтарды іске асыруды қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға және білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерін көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

55-бап. Білім беру сапасын басқару.

Білім беру сапасын басқару білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған және білім сапасын бағалаудың бірыңғай ұлттық жүйесін құрайтын мемлекеттік және институционалдық құрылымдарын, білім беруді қаржыландыруға бөлінетін қаражатты пайдалану ұтымдылығын және білім беру жүйесі жұмыс істеуінің тұтастай тиімділігін қамтиды.

Ал 61 және 62 баптарда білім беру жүйесін қаржыландыру жайында айтылады.

61-бап. Қаржыландыру жүйесі, принциптері мен көздері

Білім беруді қаржыландыру жүйесі:

- тиімділік пен нәтижелілік;
- басымдық;
- айқындылық;
- жауаптылық;
- бюджеттің барлық деңгейлерінің ара жігін ажырату мен дербестік принциптеріне негізделеді.

62-бап. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік қаржыландыру

Мемлекеттік білім беру мекемелерін бюджеттік қаражаттар есебінен қаржыландыру мекемелердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес ұсталуын және функцияларды орындауын қамтамасыз етеді.

«Білім туралы» заң мен «Жалпыға орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарындағы» көзделген кепілдіктер мен шарттарды ағымдағы жағдаймен салыстыра отырып талдай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

Жергілікті құзырлы орган мектептердің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін толықтай жүзеге асырып отырған жоқ; (6-бап)

Білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алу құқығы толықтай жүзеге асып отырған жоқ. Жабдықтармен қажетті деңгейде қамтамасыз етілмеуі салдарынан бұл кепілдік іс жүзінде жұмыс істемей отыр; (47-бап. 3-тармақ, 1-тармақша)

Педагог қызметкердің кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға құқығы сақталып отырған жоқ. Яғни, педагог кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етілмеген; (51-бап. 2-тармақ, 1-тармақша)

Дәл осы бапта көрсетілген педагог қызметкердің міндеттері де тиісті жағдаймен қамтамасыз етілмеуі салдарынан жүзеге аспай отыр;

54 және 55-баптарда көзделген шарттар мен мақсаттар орындалып отырған жоқ. Яғни, білім беру саласын мемлекеттік реттеу жұмыстары білім беру қызметтерін көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етіп отырған жоқ және 55-бапта көзделген білім беруді қаржыландыруға бөлінетін қаражат тиімді пайдаланылып, білім беру жүйесі жұмыс істеуінің тұтастай тиімділігін қамтамасыз етуге қол жеткізілмеген;

Білім беру жүйесін қаржыландырудың тиімділік пен нәтижелілік, жауаптылық принциптері жұмыс істемейді; (61-бап. 2-тармақ)

Мемлекеттік білім беру мекемелерін бюджеттік қаражаттар есебінен қаржыландыру мекемелердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес функцияларды орындауын қамтамасыз етіп отырған жоқ.

Яғни, Қазақстан Республикасы «Білім беру» заңының 7 бабында көзделген кепілдіктер мен талаптар іс жүзінде өз қызметін атқарып отырған жоқ. Сәйкесінше білім берушінің де, білім алушының сапалы білім алу және сапалы қызмет көрсету құқықтары сақталмай отыр.

Білім беру мекемелерінің спорт жабдықтарымен тиісті деңгейде қамтамасыз етілмегені үшін жауапкершілік мәселесіне келетін болсақ, бұл жайында Қазақстан Республикасының **«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы»** кодексінде арнайы шара көзделген:

409-бап. Қазақстан Республикасының білім беру, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасын бұзу

Сабақтар мен жарыстар өткізілетін орындарды спорт инвентарларымен және жабдықпен қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтамау – заңды тұлғаларға 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Білім бөлімі маманымен және пән мұғалімдерімен сұхбаттан белгілі болғандай, бүгінге дейін тексеру жұмыстарының нәтижесі бойынша аталмыш бап бойынша қандай да бір шара қолданылған жағдай кездеспеген. Яғни, мектептердің спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілу жағдайына қатысты тексеру, бақылау жұмыстары тиісті деңгейде жүрмейді.

Ағымдағы жағдайды толық түсінуге мүмкіндік беретін тағы бір құжат - **«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһаздармен жарақтандыру нормалары туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы. Бұл нормативтік құжат барлық деңгейдегі білім беретін мекемелерде болуы тиіс жабдықтар мен жиһаздардың түрі мен саны бойынша жалғыз стандарт болып табылады. Яғни, білім беру мекемесінің жабдыкталу деңгейін талдаған кезде басшылыққа алынуы тиіс негізгі құжат. Жалпы орта мектептерде болуы тиіс спорт жабдықтарының саны 94 позициядан тұрады. Әр позицияның ішінде қосымша сандық көрсеткіштер бар. Мысалы, футбол добы бір позиция саналса, оның ішінде бір мектепте 30 дана футбол добы болуы керектігі көрсетіледі. Яғни, осы стандартқа сай барлық мектептер сандық көрсеткіштер бойынша толық қамтамасыз етілуі тиіс. Ал қазіргі жағдаймен салыстырып қарайтын болсақ, Шымкент қаласы мектептеріндегі жағдай мен норматив талаптарының арасында айырмашылық өте үлкен екенін байқаймыз.

Мемлекеттік және жергілікті бағдарламалар

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының» негізгі мақсаттарында: сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру көзделген. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей нысаналы индикаторлар анықталған:

№	Нәтижелер көрсеткіші	Ақпарат көзі	2015 (нақты)	2017	2017	Демеушілер сыйлаған
1	Жалпы білім беретін мектептердегі спорттық секциялармен, оның ішінде республикалық балалар-жасөспірімдер спорттық жарыстарымен (оқушылар спартакиадасы және т.б.) қамтылған білім алушылардың үлесі	ҚР БҒМ-нің әкімшілік деректері	27,3%	28%	29%	ЖАО, ҚР БҒМ

ЖАО – жергілікті атқарушы орган

БҒМ – Білім және ғылым министрлігі

Шымкент қалалық білім бөлімінің 2017 жылға арналған есебінде бұл индикаторларға қол жеткізу бойынша мәліметтер келтірілмеген.

Сонымен бірге, аталмыш мемлекеттік бағдарламада келесі қадамдар бойынша жұмыс жүргізу көзделген:

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі үйірмелер мен секциялар санының өсуі қамтамасыз етілетін болады, бұл балаларды қосымша білім берумен қамтуды 70%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл үшін үйірмелер жұмысына ата-аналар тартылатын болады.

Мектептер арасында тұрақты түрде спорттық жарыстар өткізу іске асырылатын болады.

ЖАО-ның мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының спорт залдарын заманауи жабдықтармен жарақтандыру жұмысы жандандырылатын болады.

Аталмыш бағдарламаның 2019 жылға дейін есептелгенін ескере отырып ағымдағы жағдайға талдау жасасақ және Шымкент қаласы білім бөлімінің биылғы бюджетінде спорт жабдықтарын сатып алуға қаржы қаралмағанын ескеретін болсақ, алдағы бір жылдың ішінде қазіргі кезде Шымкент қаласындағы мектептердің спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілуі, спорт залдардың жарақтандырылуы мен дене шынықтыру пәнінің қажетті деңгейде өтілуі шешімін табады деп айта алмаймыз. Яғни, «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» бұл салада нәтижесіз деп айтуға негіз бар.

«Шымкент қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасында» Білім беру саласын дамыту мәселесі де қаралған. Алайда, ол жерде негізгі бағыттардың ішінде қосымша мектептер құрылысы, мектепке дейінгі мекемелердің санын арттыру, білім алып шыққан жас мамандарды жұмыспен қамту және т.б. мәселелер қамтылған. Ал мектептердің материалдық базасын жақсарту, қажетті жабдықтармен жарақтандыру мәселесі назардан тыс қалған. Сондай-ақ, Білім бөлімінің 2015-2017, 2016-2018, 2017-2019, 2018-2020 жылдарға арналған бюджеттерінде спорт жабдықтары, материалдық базасын жақсарту саласы жеке қарастырылмаған. Қала мектептерін спорт жабдықтарымен қамтамасыз етуге 2016 жылы - 6 930 735,72 теңге және 2017 жылы - 9 775 889,72 теңге қаржы бөлінген. Ал 2018 жылғы бюджетте бұл салаға қаржы қаралмаған.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘ ТИЖЕЛЕРІ

Шымкент қалалық білім бөлімі 2016, 2017 жылдары өткізген мектептерге спорт жабдықтарын сатып алу жұмыстары туралы мәліметтер www.goszakup.gov.kz порталындағы ашық дереккөздерден алынды. Шымкент қаласы әкімі мен Қалалық білім бөлімі басшысына жолданған ресми сұраныста көрсетілген 2013, 2014, 2015, 2018 жылдар бойынша мәліметтер бұл порталда қолжетімсіз.

2016 жылы спорт жабдықтарын сатып алуға 6 930 735,72 теңге бөлініп, конкурс қорытындысы бойынша 5 214 413,28 теңге жұмсалған.

Кесте 7. 2016 жылы жүргізілген спорт жабдықтарын сатып алу жұмыстары туралы мәліметтер

№	Жабдық атауы	Дана	Бағасы (теңге)	Жосп. сома (теңге)	Ұтып алған мекеме	Бағасы (теңге)	Қорт. сома (теңге)
1	Гимнаст. шығыршық	1240	1339,29	1 660 719,60	ИП Головки Т.П.	1040	1 289 600
2	Ракетка	496	625	310 000	"B Finance Group" ЖШС	500	248 000
3	Насос	124	1339,29	166 071,96	ЖК Изтилеуова	1000	124 000
4	Шарик (стол теннисіне)	744	44,65	33 219,60	"B Finance Group" ЖШС	35,72	26 575,68
5	Футбол добы	248	2678,58	664 287,84	"Вектор Партнер" ЖШС	1950	483 600
6	Ракетка (теннис торы)	248	2678,58	664 287,84	"Вектор Партнер" ЖШС	1707	423 336
7	Баскетбол добы	496	2678,58	1 328 575,68	"Вектор Партнер" ЖШС	1888	936 448
8	Футбол қақпасы торы	248	6250	1 550 000	"МЕГА-БЕН Строй" ЖШС	5000	1 240 000
9	Гимнаст. скакалка	1240	446,43	553 573,20	"B Finance Group" ЖШС	357,14	442 853,6
10	Барлығы			6 930 735,72			5 214 413,28

Қазіргі жағдайды, яғни мектептердің қамтылуы мен қажеттік деңгейін ескеретін болсақ, бұл қаржының мектептердің қазіргі сұранысын қамтамасыз етуге қажетті көлемнен әлдеқайда аз екенін көреміз. Сондай-ақ, осы бөлінген қаржы мен оған алынған жабдықтар санының ара қатынасын есептейтін болсақ, бұл қаржының жоспарланған жабдық санын қамтамасыз етуге де жетпейтінін көруге болады. Мәселен, сапалы футбол добының қазіргі нарықтағы ең төмен бағасы 8000 теңгеден басталады. Осы төменгі шегімен есептейтін болсақ, жоспарланған 248 дана футбол добын сатып алуға 1 984 000 теңге қажет. Бұл жоспарланған сомадан 3 есе, конкурстан кейін жаратылған сомадан 4 есе көп. Сапалы баскетбол добының нарықтағы төменгі бағасы да 8000 теңгеден басталады. Сатып алынған 496 баскетбол добының сомасын осы бағамен есептейтін болсақ, қажет сома 3 968 000 теңгені құрайды.

Бұл жоспарланған сомадан 3 есе, конкурстан кейін жаратылған сомадан 4 еседен астам көп. Тек осы футбол және баскетбол добына қажет қаржыны қосып есептегенде шыққан сома жалпы сатып алу жоспарланған 9 түрлі жабдыққа жаратылған қаржыдан көп болып шығады. Бұл мектептерді спорт жабдықтарымен қамтамасыз етуге бөлінетін қаржы көлемінің қажет деңгейден қаншалықты аз екенін көрсетеді. Ал қазіргі жабдықтарды сатып алуға бөлінген және жаратылған сомаға сапасы төмен, қолдануға жарамсыз жабдықтарды ғана алуға болады. Бұл мәселеге мамандармен тереңдетілген сұхбат нәтижелерін талдау бөлімінде кеңірек тоқталамыз. Сонымен бірге, 2016 жылғы сатып алынған спорт жабдықтарының тізімінде Білім және ғылым министрінің №70 бұйрығында көрсетілген, мектептерде болуы тиіс жабдықтардың тізіміне кірмейтін жабдық түрі бар. Ол - гимнастикалық скакалка. Бұл жабдықты сатып алуға бюджеттен 553 573,20 теңге бөлініп, конкурс қорытындысы бойынша 442 853,6 теңге жұмсалған. Яғни, 442 853,6 теңге мақсатсыз жұмсалып отыр. Бұл жаратылған қаржының 8,5% құрайды. Бұған қарап, сатып алу жұмыстарына жауапты Шымкент қалалық білім бөлімі қызметкерлері сатып алынатын жабдықтар тізімін жасағанда осы саланы реттейтін нормативтердің шарттарын ескермейді, сақтамайды деген қорытынды жасаймыз. Соның салдарынан бюджет қаржысы мақсатсыз жұмсалып отыр.

Енді 2017 жылғы сатып алу жұмыстарына шолу жасап көрейік. 2017 жылы Шымкент қаласы мектептеріне спорт жабдықтарын сатып алуға бюджеттен 9 775 889, 72 бөлініп, конкурс қорытындысынан кейін 7 050 989 теңге жұмсалған.

Кесте 7. 2016 жылы жүргізілген спорт жабдықтарын сатып алу жұмыстары туралы мәліметтер

№	Жабдық атауы	Дана	Бағасы (теңге)	Жосп. сома (теңге)	Ұтып алған мекеме	Бағасы (теңге)	Қорт. сома (теңге)
1	Мини футбол торы	52	7589,28	394 642,56	«АЙ-МАР KZ» ЖШС	6345	329 940
2	Стол теннисіне арналған ракетка	80	2678,58	214 286,40	«АЙ-МАР KZ» ЖШС	1875	150 000
3	Баскетбол добы	423	3571,42	1 510 710,66	«АЙ-МАР KZ» ЖШС	2440	1 032 120
4	Шығыршық	159	2678,58	425 894,22	«АЙ-МАР KZ» ЖШС	1740	276 660
5	Футбол добы	500	4017,85	2 008 925	Сабыржан	2450	1 225 000
6	Гимнаст. төсеніш. Брезент	92	11607,16	1 067 858,72	«АЙ-МАР KZ» ЖШС	10800	993 600
7	Волейбол добы	579	3205,36	1 855 903,44	Сагумбаева Айгуль Азатхановна	2123	1 229 217
8	Футбол қақпасы торы	24	13392,40	321 428,40	«АЙ-МАР KZ» ЖШС	10 460	251 040
9	Баскетбол торы	218	1071,42	233 569,56	Сагумбаева Айгуль Азатхановна	660	143 880
10	Гиря. 16 кг*	78	11500	897 000	ЖК Елшина Л.С.	8394	654 732
11	Гиря. 8 кг*	94	5357,14	503 571,16	«АЙ-МАР KZ» ЖШС	5350	502 900
12	Гимнаст. Скакалка*	485	705,36	342 099,60	Сагумбаева Айгуль Азатхановна	540	261900
	Барлығы			9 775 889,72			7 050 989

***- Білім және ғылым министрінің №70 бұйрығында көрсетілген жабдықтар тізіміне кірмейтін жабдық түрлері.**

Бұл жерде де 2016 жылға ұқсас жағдайды көреміз. Яғни, бөлінген және жұмсалған қаржы қажет деңгейден бірнеше есе аз. Ал, Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы **«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиі пайдаланылатын жабдықтың нормаларын бекіту туралы»** №70 бұйрығын негізге алатын болсақ, бөлінген қаржы бір мектептің қажеттігін толық қамтамасыз етуге де жетпейді. Сондай-ақ, 2017 жылғы сатып алынған жабдықтың ішінде аталмыш бұйрыққа сәйкес болуы тиіс жабдықтың кірмейтін бірнеше жабдық түрін көруге болады. Олар – 8 кг гиря, 16 кг гиря және гимнастикалық скакалка. Бұл үш жабдыққа 1 742 670,76 теңге (жалпы бөлінген қаржының 17,8%) бөлініп, конкурс қорытындысы бойынша 1 419 532 теңге (жалпы жұмсалған қаржының 20%) жұмсалған. Яғни, саланы реттейтін нормативтерді сақтамау салдарынан 2017 жылы спорт жабдықтарына 1 419 532 теңге, немесе 20% мақсатсыз жұмсалған.

2017 жылғы сатып алу жұмыстарында ерекше назар аударуға тұратын басқа да тұстары бар. Соның бірі - **«B Finance Group» ЖШС** барлық конкурстан шеттетілуі. Бұл компания жарияланған 12 конкурстың барлығына өтініш берген және құжаттары конкурс талаптарына сай емес деген негізбен барлығынан шығарылған. Бірақ, 2016 жылғы сатып алу қорытындысына қарайтын болсақ, **«B Finance Group» ЖШС** барлық конкурста қатысып, тоғыз лоттың үшеуінде жеңгенін көреміз. Яғни, компанияның сатып алу конкурстарына қатысудан тәжірибесі жеткілікті. Аталмыш компания 2017 жылғы сатып алу конкурстарында 12 лоттың алтауын, яғни 50% ұтқан **«АЙ-МАР КЗ» ЖШС** негізгі бәсекелесі болған. Сол қатысқан барлық лоттағы баға ұсынысы бойынша тек бір позицияда **«АЙ-МАР КЗ» ЖШС**-нан жоғары баға ұсынған. Қалған 11 лот бойынша төмен баға ұсынып отырған. Бірнеше мысал келтіре кетейік:

1-кесте

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебі:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Заяның 26-бабына сәйкес сома	Шартты жеңіліс мөлшері, %	Шартты жеңілісті есептегендегі баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді берген күні мен уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	"АЙ-МАР КЗ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140940024047	1510710.66	2440		0	1032120		20.04.2017 21:03:24
2	Сабыржан	941205350118	1510710.66	2450		0	1036350		21.04.2017 18:54:58
3	САГУМБАЕВА АЙГУЛЬ АЗАТХАНОВНА	830820450261	1510710.66	2630		0	1112490		21.04.2017 08:15:31
4	"АрланТай" ЖШС	060640003531	1510710.66	3570		0	1510110		20.04.2017 09:47:34
5	"ИНСТАТ" ЖШС	140440024524	1510710.66	3571.42		0	1510710.66		21.04.2017 17:16:02
	Желе кәсіпкер Аштрбаев Д.К.	871101302642	1510710.66	3400		0	1438200		21.04.2017 15:13:14
	ДЖУМАНОВА КЛАРА МАЙЛЫБАЕВНА	700730400478	1510710.66	3100		0	1311300		20.04.2017 17:40:34
	ИП Спатаев Б.А.	831215399013	1510710.66	2500		0	1057500		21.04.2017 01:17:45
	"B Finance Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150640002275	1510710.66	2350		0	994050		21.04.2017 17:33:34
	Н У Р Б Е К	930501302434	1510710.66	3200		0	1353600		21.04.2017 18:37:25

1. №11955005-0К1 лот бойынша жеңімпазды айқындау: "АЙ-МАР КЗ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, Сабыржан.2. Тапсырыс беруші "Шымкент қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде "АЙ-МАР КЗ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі-мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

2-кесте

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебі:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/СЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Заңның 26-бабына сәйкес сома	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдікті есептегендегі баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді берген күні мен уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	САГУМБАЕВА АЙГУЛЬ АЗАТХАНОВНА	830820450261	1855903.44	2123		0	1229217		21.04.2017 08:15:31
2	"АЙ-МАР KZ " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140940024047	1855903.44	2375		0	1375125		20.04.2017 21:03:24
3	Сабыржан	941205350118	1855903.44	2450		0	1418550		21.04.2017 18:54:58
4	"ИНСТАТ" ЖШС	140440024524	1855903.44	3205.36		0	1855903.44		21.04.2017 17:16:02
	Жеке кәсіпкер Аштрбаев Д К	871101302642	1855903.44	3200		0	1852800		21.04.2017 15:13:14
	ДЖУМАНОВА КЛАРА МАЙЛЫБАЕВНА	700730400478	1855903.44	2550		0	1476450		20.04.2017 17:40:34
	ИП Спатаев Б.А.	831215399013	1855903.44	2500		0	1447500		21.04.2017 01:17:45
	"B Finance Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150640002275	1855903.44	1950		0	1129050		21.04.2017 17:33:34
	Н У Р Б Е К	930501302434	1855903.44	2500		0	1447500		21.04.2017 18:37:25

1. №11954741-ОК1 лот бойынша жеңімпазды айқындау: САГУМБАЕВА АЙГУЛЬ АЗАТХАНОВНА, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "АЙ-МАР KZ " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 2. Тапсырыс беруші "Шымкент қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде САГУМБАЕВА АЙГУЛЬ АЗАТХАНОВНА-мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

3-кесте

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебі:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/СЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Заңның 26-бабына сәйкес сома	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдікті есептегендегі баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді берген күні мен уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	"АЙ-МАР KZ " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140940024047	503571.16	5350		0	502900		20.04.2017 21:03:24
2	"ИНСТАТ" ЖШС	140440024524	503571.16	5357.14		0	503571.16		21.04.2017 17:16:02
	"B Finance Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150640002275	503571.16	4800		0	451200		21.04.2017 17:33:34

1. №11955419-ОК1 лот бойынша жеңімпазды айқындау: "АЙ-МАР KZ " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "ИНСТАТ" ЖШС. 2. Тапсырыс беруші "Шымкент қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде "АЙ-МАР KZ " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі-мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

Яғни, бұл жерде конкурс комиссиясы бір қатысушының пайдасына жұмыс істеп, негізгі бәсекелесті әдейі шеттетіп отыр деген болжам жасауға болады. Екінші назар аударатын жағдай осымен тікелей байланысты. «ИНСТАТ» ЖШС барлық 12 конкурсқа кедергісіз қатысқан және барлығында тапсырыс беруші ұсынған бағаны ұсынып отырған. Сатып алу конкурсының басты шарты – бәсекелестерден төмен баға ұсыну арқылы жеңу екенін ескере отырып, бұл компанияның мақсаты конкурсты ұту емес, басқа компанияның, нақтырақ айтсақ, «АЙ-МАР KZ» ЖШС ұтысын заңдастыру деген болжам жасаймыз. Өйткені, 12 лоттың алтауында комиссия шешімімен екі-ақ компания конкурсқа жіберілген. Олар – «АЙ-МАР KZ» және «ИНСТАТ» ЖШС. Соның барлығында «АЙ-МАР KZ» ЖШС ұтып, ал тапсырыс беруші жариялаған бағаны ұсынып отырған «ИНСТАТ» ЖШС ұтылған. Мысал:

1-кесте

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебі:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/СЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Заңның 26-бабына сәйкес сома	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдікті есептегендегі баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді берген күні мен уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	"АЙ-МАР KZ " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140940024047	503571.16	5350		0	502900		20.04.2017 21:03:24
2	"ИНСТАТ" ЖШС	140440024524	503571.16	5357.14		0	503571.16		21.04.2017 17:16:02
	"B Finance Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150640002275	503571.16	4800		0	451200		21.04.2017 17:33:34

1. №11955419-ОК1 лот бойынша жеңімпазды айқындау: "АЙ-МАР KZ " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "ИНСТАТ" ЖШС. 2. Тапсырыс беруші "Шымкент қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде "АЙ-МАР KZ " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі-мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

2-кесте

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебі:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Заңның 26-бабына сәйкес сома	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдікті есептегендегі баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді берген күні мен уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	"АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140940024047	503571.16	5350		0	502900		20.04.2017 21:03:24
2	"ИНСТАТ" ЖШС	140440024524	503571.16	5357.14		0	503571.16		21.04.2017 17:16:02
	"B Finance Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150640002275	503571.16	4800		0	451200		21.04.2017 17:33:34

1. №11955419-OK1 лот бойынша жеңімпазды айқындау: "АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "ИНСТАТ" ЖШС.2. Тапсырыс беруші "Шымкент қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде "АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі-мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

2-кесте

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебі:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Заңның 26-бабына сәйкес сома	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдікті есептегендегі баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді берген күні мен уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	"АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140940024047	503571.16	5350		0	502900		20.04.2017 21:03:24
2	"ИНСТАТ" ЖШС	140440024524	503571.16	5357.14		0	503571.16		21.04.2017 17:16:02
	"B Finance Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150640002275	503571.16	4800		0	451200		21.04.2017 17:33:34

1. №11955419-OK1 лот бойынша жеңімпазды айқындау: "АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "ИНСТАТ" ЖШС.2. Тапсырыс беруші "Шымкент қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде "АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі-мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

3-кесте

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебі:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Заңның 26-бабына сәйкес сома	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдікті есептегендегі баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді берген күні мен уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	"АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140940024047	425894.22	1740		0	276660		20.04.2017 21:03:24
2	"ИНСТАТ" ЖШС	140440024524	425894.22	2678.58		0	425894.22		21.04.2017 17:16:02
	ДЖУМАНОВА КЛАРА МАЙЛИБАЕВНА	700730400478	425894.22	2350		0	373650		20.04.2017 17:40:34
	"B Finance Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150640002275	425894.22	1950		0	310050		21.04.2017 17:33:34
	Н У Р Б Е К	930501302434	425894.22	2150		0	341850		21.04.2017 18:37:25

1. №11955516-OK1 лот бойынша жеңімпазды айқындау: "АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "ИНСТАТ" ЖШС.2. Тапсырыс беруші "Шымкент қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде "АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі-мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

4-кесте

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебі:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Заңның 26-бабына сәйкес сома	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдікті есептегендегі баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді берген күні мен уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	"АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140940024047	394642.56	6343		0	329940		20.04.2017 21:03:24
2	"ИНСТАТ" ЖШС	140440024524	394642.56	7589.28		0	394642.56		21.04.2017 17:16:02
	Н У Р Б Е К	930501302434	394642.56	7500		0	390000		21.04.2017 18:37:25
	ИП Спатаев Б.А.	831215399013	394642.56	6500		0	338000		21.04.2017 01:17:45
	"B Finance Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150640002275	394642.56	6200		0	322400		21.04.2017 17:33:34
	ДЖУМАНОВА КЛАРА МАЙЛИБАЕВНА	700730400478	394642.56	6500		0	338000		20.04.2017 17:40:34

1. №11955114-OK1 лот бойынша жеңімпазды айқындау: "АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "ИНСТАТ" ЖШС.2. Тапсырыс беруші "Шымкент қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде "АЙ-МАР KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі-мен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

Келтірілген мысалдар біздің болжамымызға дәлел бола алады. Бөлінетін қаржының аз, ал сұраныстың үлкен болуы себебінен Білім бөлімі мектептерді мүмкіндігінше көбірек қамту мақсатында арзан, сапасыз жабдықтарды сатып алуға мәжбүр. Яғни, сатып алу кезінде негізгі көңіл жабдық сапасына емес, санына және бағасына бөлінеді. Нәтижесінде мектеп оқушылары сапасыз жабдықтар тұтынуға мәжбүр. Дегенмен, сатып алу жұмыстарының қорытындысынан белгілі болғандай, бөлінген аз қаржының өзі мақсатсыз, тиімсіз жұсалған жағдайлар бар.

ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН СҰХБАТ НӘТИЖЕЛЕРІ (МЕКТЕПТЕРДЕ САБАҚ БЕРЕТІН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІ, ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ МАМАНЫ)

Зерттеу жұмысында пән мұғалімдерімен тереңдетілген сұхбат жүргізу әдісі қолданылды. Сұхбатқа Шымкент қаласының алты мектебінен сегіз пән мұғалімі және Қалалық білім бөлімінен бір жауапты басшы қатысты. Сұрақтар төменде келтірілген бірнеше сала мен бағыттарды қамтыды.

Мектептердің қазіргі спорт жабдықтарымен қамтылу жағдайы.

Сұхбатқа қатысқан барлық пән мұғалімдері қазіргі қамтамасыз ету деңгейін бес балдық жүйе бойынша орта және ортадан төмен деп бағалады:

«Жағдай өте төмен. Екі физрук екі класқа сабақ қатар өткен кезде бір допты пайдаланамыз. Кейбір кластар ойнайтын доптарын өздері әкеледі. Ойнап болған соң, біздің бөлмеге қойып кетеді, немесе өздерімен алып кетеді». **(Респондент №2)**

«Орташа деп бағалаймын. Көп жабдықтар қолжетімсіз».

(Респондент №1)

«Орташа мен төменнің арасы деп айта аламын. Жақсы деуге келмейді». **(Респондент №6)**

«Мектептерге жеткілікті ешқашан болмайды. Мектепті өзің білесің, қанша оқушы бар. Соған байланысты.

Мысалы, добы бір сезонға да жетпеуі мүмкін.

Ол жерде толық қамтылғаны жоқ қой мектептердің. Аз ғана сумма беріледі. Ол жетпейді. Олар қанша сұраныс бергенімен, мына жақтан қаржы бөлінбегеннен кейін сұраныстарын толық қанағаттандыра алмайды ғой оның» **(Білім бөлімінің маманы)**

Соңғы бес жылда спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілу динамикасы.

Респонденттердің бұл сұраққа жауабы әртүрлі болды:

Сан жағынан аздаған өсім бар дегендер – 4;

Ешқандай өзгеріс жоқ – 3;

Бұрынғыдан азайды – 1.

«Сан жағынан соңғы жылдары аздап өсім бар. 2017 жылы басқа жылдарға қарағанда сан жағынан аздап өсім болған. Бұрын 2, 3, 5 доп берілсе, бір жылға, 2017 жылы он доп берілді (жалпы доптардың саны).»

(Респондент №6)

«Жеткілікті деп айта алмаймын. Бірақ, беріліп жатыр. Бұрынғы жылдармен салыстырғанда, сапасыз болса да, жеткіліксіз болса да, бере бастады. Он жылдай бұрын мүлдем ештеңе берілмейтін. Толық өз есебімізден жұмыс істедік.» **(Респондент №7)**

«Бұрынғы жылдармен салыстырғанда сан жағынан аз ғана өсім бар. Жабдықтар саны өсті. Ары кетсе 10%.» **(Респондент №1)**

«Мен келгенге дейін білмеймін. Мен келгелі бері саны да, сапасы да өскенін байқаған жоқпын.»

(Респондент N°2)

«Берілетін заттардың саны бұрынғыдан азайған.» (Респондент N°5)

Мектептерге бөлінетін спорт жабдықтарының сапасы.

Барлық пән мұғалімдері берілетін жабдықтардың сапасы өте төмен екенін айтты.

«Бұрынғыдай. Сапа өте төмен. Кейбір доптар үріп жатқанда жарылып кетеді. Ал қалғандары тез тозып кетеді.» **(Респондент N°5)**

«Сапа жағынан ешқандай өзгеріс жоқ. Бұрынғыдай сапасы өте төмен жабдықтар беріледі. Берілген доптар ары кетсе 2-3 аптаға ғана жетеді. Сосын пайдалануға жарамай қалады.» **(Респондент N°1)**

«Барлығының сапасы өте төмен. Тек тоғызқұмалақ қана сапасы дұрыс болып келеді. Доптар 2 аптаға жетпей тесіледі, тозады. Қайбір жылы зауыттан брак доптар әкеп берген. Келгенде-ақ ескі, қоймада тұрып қалған доптар екені көрініп тұрды. Тесік.» **(Респондент N°8)**

«Мәселен, мынау ағаш атты қараңыз. Басшылықтың бергені. Бұның бізде тұрғанына бес жыл болды. Түсінесіз бе, біз мұны үлкен сыныптарға бермеуге тырысамыз. Бұлар бізде екеу болған. Біреуінің үстінен үлкен сыныптың баласы секіремін деп, сынып қалды. Ішіндегі шегелерін көрсеңіз. Оны көргенде өзімді жайсыз сезініп кеттім. Ішінен жүздік (100 мм) шегелер қағылған. Елестетіп көріңіз. Үлкен сыныптың баласы секірмекші болады. Не болатынын ойлап көріңіз» **(Респондент N°4)**

Білім бөлімінің маманы алынатын заттардың сапасы бөлінетін қаржының бағасына тікелей қатысты деп есептейді: «Сапа жағынан болғанда, аз ақша бөлінгеннен кейін ондай қымбат доп қоймайды ғой. Аз ақшаға волейбольный да алу керек, баскетбольный да алу керек. Сетка алу керек. Баскетбол торы, футбол торы алынып жатыр. Гиря алынып жатыр ішінде.» (Гиря мектепте болуы тиіс спорт жабдығының тізіміне кірмейді – F.O.)

Тағы сұхбат кезінде мектеп басшылығы, пән мұғалімдерінен сапасына шағым түспегенін айтады:

«Біреуінен бір шағым түскен жоқ. Мынау добың не качественный, мынауың бракованный, мынауың келмей жатып жарылып қалды деген ешқайсынан шағым түсіп жатқан жоқ».

Пән мұғалімдерімен сұхбат кезінде жабдықтардың сапасына шағым түсіру, қабылдап алмау бойынша төмендегідей пікір айтылды:

«Сапасына әсер ете алмаймыз. Оған құқығымыз жоқ. Берген жабдықтарды алуымыз керек. Алмауға болмайды. Алмай қойсаң, мүлдем бермей қоюы мүмкін» **(Респондент N°6)**

Пән мұғалімдерінің, Білім бөлімінің спорт жабдықтарымен қамтамасыз етуге ықпалы. Мамандар сұранысының ескерілу жағдайы.

Бұл сұраққа барлық 7 респондент пікіріміз, сұранысымыз ескерілмейді деп жауап берді:

«Ешқандай ықпал ете алмаймыз. Біз ол процеске қатыспаймыз. Бізге сендерге осындай жабдықтар берілді деп әкеп береді. Соны пайдаланамыз. Сұраныс береміз. Бірақ сұраған нәрселеремізді алмаймыз» **(Респондент N°1)**

«Ықпал ете алмаймыз. Жылда сұраймыз стол теннисін. Сол сапасы жоқ доптар мен дойбыларды бере береді. Соларды бір жыл бермей, бір рет стол теннисі жиынтығын берсінші деп айтамыз. Мектептің

завхозына (мектеп директорының шаруашылық істері бойынша орынбасары) қанша айттық. Ол мен ештеңе істей алмаймын. Не береді, соны аламын деп жауап берді» **(Респондент N°8)**

«Жоқ. Ешқандай да әсер ете алмаймыз. Басында не керек екенін сұрап алып кетеді. Кейін оны бермейді де. Бергені осы деп әкеп береді. Сонымен сабақ өтеміз» **(Респондент N°2)**

Бұл мәселеде қажеттік, сұраныстар ескерілмейтінін Білім бөлімінің маманы да растады: «Бұл тек спорт заттарына қатысты емес, любой қаржы бөлу тәртібі солай. Біз бірінші өзімізге қарасты мекемелерден тапсырыс жинаймыз. Кімге не қажет. Ол тапсырысты жинақтап, сосын қалалық қаржы және экономика бөліміне өткіземіз. Олар жинақтап жаңағы, сессияда қаралады. Негізі бюджеттен қаржы бөлудің тәртібі солай. Сен сұрап отқан спорт заттары да тура солай. Біз мектептерден жинаймыз, жаңағы қаржы және экономика бөліміне өткіземіз. Сөйтіп депутаттар қолдаса, бізге қаржы бөлінеді»
«Мысалы, спорт заттары. Ол жерде футбол, баскетбол, волейбол, сетка дейді, шахмат, шашкі, гиря дейме, сондай заттар жазылады. Бір мектеп оны отыз деп жазса, біреуі қырық дейді, біреуі бесеу, біреуі он дейді. Сөйтіп жазады. Біз оны бәрін жинақтап, ол жаққа бергеннен кейін олар мыналарың көп. Ондай қаржы бөле алмаймыз деп, олар бюджеттің қаржысына қарай бізге жүз млн сұрап отырсақ, елу млн бөледі. Биылға осы, басқа қаржы бөле алмаймыз деп сөйтіп бөлінеді»

Бір респондент ескіретін шығар деп жауап берді: «Менің ойымша, олар бәрібір біздің сұранысымызды ескереді. Өйткені, ескермейтін болса, олар бізге мүлдем ештеңе бермес еді. Қазір аз да болса беріп жатыр. Әрине, сұрағанымыздың бәрін алып жатқан жоқпыз. Мысалы, біз он доп сұрағанбыз. Содан мен тек екі доп алдым» **(Респондент N°4)**

Тағы бір респондент бұл жайында былай дейді: «Ешқандай ықпалымыз, әсеріміз де жоқ. Бергенін алып пайдаланамыз. Бізден сұраныс алады. Өткізеді. Басқа нәрселер береді. Сұрағаныңды алатын кездер сирек болып қалады. Оның өзі сұранысыңды ескергеннен емес, жәй солай кеп қалатындықтан деп ойлаймын» **(Респондент N°7)**

Спорт жабдықтарымен жұмыс істеудің баланың физикалық тұрғыда дұрыс қалыптасуына, дәрiстi сапалы өтуге ықпалы, маңыздылығы.

Бұл сұраққа барлық респондент спорт жабдықтарының маңыздылығы өте жоғары деп жауап берді. «Мысалы, теннис. Ол жылдамдықты дамытады, реакцияны дамытады. Көру қабілетіне өте пайдалы. Гимнастиканы алайық: иілгіштік, денесінің сымбатты болып қалыптасуына пайдасы көп. Брусьяны алайық: ол жерде жігіттер тартылады, аунайды. Қолының күші дамиды. Дене бітіміне пайдасы көп. Кез келген инвентарь маңызды, жалпы. Мысалы, сізбен волейбол ойнауға келейік. Допсыз, ысқырықсыз, сеткасыз. Болмайды ғой олай. Инвентарьсыз біз ешкім де емеспіз» **(Респондент N°4)**

«Баланың дұрыс қалыптасуына жабдықтардың болуы өте маңызды. Турник – дене бітімінің дұрыс, күшті болып қалыптасуына ықпал етеді. Брусья (қоссырық) – қолдың күшті болуына көмегі күшті. Баскетбол, футбол, гандбол, волейбол – ептілігін, шапшаңдығын, төзімділігін дамытады. Гимнастика – икемділігін, төзімділігін дамытады. Шахмат, тоғызқұмалақ – ой-өрісін, логикалық ойлау қабілетін дамытады. Бұлардың бәрін меңгеруге спорт жабдықтарының тікелей қатысы бар. Жабдықтар болмаса, мұның біреуін де игере алмайды. Соларды пайдаланумен қатар жүреді. Тығыз байланысты» **(Респондент N°6)**

Негізгі сұраныстағы спорт жабдықтары

Жыл сайын, оқу жылы барысында қаланың барлық мектептері арасында спорттың 13 түрінен мектеп-аралық спартакиада өтеді. Олар:

Футбол;
Гандбол;
Волейбол;
Баскетбол;
Стритбол;
Шахмат;
Дойбы;
Тоғызқұмалақ;
Гимнастика;
Жеңіл атлетика;
Президент тесті;
Эстафета;
Туризм.

Барлық мектеп оқу жоспарын, сұраныстарын осы спорт түрлеріне бейімдеп қалыптастырады. Бұл спартакиадаға қатысу жағдайлары туралы және қазіргі бірінші кезекте қажетті жабдықтар бойынша сұрақтар қажеттік деңгейі мен түрлерін анықтайтын, толықтыратын болғандықтан бір тақырыпқа біріктірілді.

Респонденттердің барлығы осы спорт түрлеріне қажетті жабдықтарды ең керек жабдықтар деп көрсетті:

Спорт ойындары түрлеріне қажетті жабдықтар. Бірінші кезекте доптар (волейбол, баскетбол, футбол, гандбол доптары) – 8 респондент;

Гимнастикалық жабдықтар – 5 респондент;

Жеңіл атлетика жабдықтары – 8 респондент;

Спорт формалары – 8 респондент;

Стол теннисі жиынтығы – 2 респондент;

Туристік жабдықтар – 5 респондент;

Спорт алаңшалары – 3 респондент;

Спорт зал – 3 респондент;

Дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне арналған кабинет – 5.

«Дайындыққа (мектеп-аралық жарыстарға) футбол, волейбол добын өздері әкеледі. Формамен біз қамтамасыз етеміз. Таныстардан сұрап аламыз. Туризмнен қатыса алмаймыз. Оған жабдық жоқ. Қала мектептерінде санаулы мектептер ғана туризмнен жарысқа қатыса алады» **(Респондент N°6)**

«Ең үлкен сұраныс доптарға. Сырттағы спорт алаңы тозған. Пайдалану мүмкін емес. Балалар ойнаған кезде түрлі жарақаттар алып тұрады. Қатты шаң. Ол да балалардың денсаулығына зиян. Сырттағы ойын алаңында гимнастикалық жабдықтар, құрылғылар жоқ. Арнайы жүгіру жолағы, секіру жолағы жоқ» **(Респондент N°5)**

«Бірінші кезекте керектері – баскетболдың оқу қалқаны, гимнастикалық қабырға, көп көлемде доп. Көбірек бола берсе тіптен жақсы. Олар сапалы болуы керек. Анау сіз көргендей емес, екі апта ойнап, сосын жарылып қалатын. Волейбол сеткасы керек. Өйткені қазіргісі сапасыз. Сосын гранаталар»
«Дайындалатын спортзалымыз жоқ. Қазіргі спорт зал тар, стандартқа сай емес. Ол негізі күреске арналған спорт зал. Ол жерде баскетбол, волейбол ойнай алмайсың. Қыздарымыз гандболмен айналысады. Ганболға қақпа керек. Бізде қақпа жоқ. Қабырғаға бормен қақпаны сызып қоямыз. Сомен ойнайды»

«Жеңіл атлетикадан ешқандай дайындамаймын. Өйткені, дайындалатын жерім жоқ. Сабақ беретін болған соң, әрқайсының мүмкіндіктерін білемін. 30, 60 метрге жүгіртіп көремін. Төзімділігін тексеру үшін ұзақ қашықтыққа мектепті айналдырып жүгіртіп көремін. Соған қарап анықтаймын. Болды»
(Респондент №4)

«Мектепаралық жарыстарға қатысуға спорт формаларын оқушылар өздері алады. Бәріне бір түсті киінуді айтамыз. Олар солай киініп келеді. Бірақ арнайы форма жоқ. Ганболдан спартакиадаға доп болмағандықтан қатыспадық. Туризмнен де дәл солай. Туристік жабдықтар болмағандықтан ол сайысқа қатысқан жоқпыз» **(Респондент №5)**

«Биылғы туризмнен жарысқа қаладағы 127 мектептен 19 ғана мектеп қатыса алды. Ал қалған мектептер қатыса алмайды. Көбісінде керек жабдықтар жоқ»

«Волейбол, баскетболға зал жоқ. Қазіргі спорт залдың ауданы 15 X 7 метр. Төбесі пәс. Стол теннисі болмағандықтан, ол үйірмені де аша алмаймын. Спорт зал болмағандықтан, гандбол да аша алмай отырмыз. Гимнастика да сол залға байланысты ашылмай тұр. Турник жоқ. Гимнастикалық қабырға біреу ғана. Оның өзі кеңес заманынан қалған»

«Мектепаралық жарыстарға қолда бар доптармен, жабдықтармен дайындаламыз. Форма сол біреу ғана. Оны да демеуші әперген бірнеше жыл бұрын. Ескіріп кеткен. Бәріне соны кигіземіз. Қыздардың баскетбол командасына үстіне ақ футболка, астына қара трико киіп келіңдер деп айтамыз. Солай қатысады. Әрине, дайындыққа жабдықтың саны да, сапасы да келмейді. Қолда барымен дайындаламыз. Стол теннисін үйрету үшін арнайы барып, қосымша өзім қатысамын. Аптасына бірнеше күн барып, бір сабаққа мың теңге беріп, үйреніп келемін. Балаларды дайындау үшін өзім ойнай алатын болуым керек, өйткені» **(Респондент №8)**

Барлық респондент Білім және ғылым министрінің №70 бұйрығындағы тізімнен қысқы спорт түрлеріне қажетті жабдықтарды керек емес деп көрсетті. Бұл осы норматив құжатқа өзгеріс енгізіп, жабдықтар тізімін бекітуде аймақтық, климаттық ерекшеліктерді, аймақтардың осы негіздерде сұраныстарын ескеруді қажет ететінін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР

Шымкент қаласы мектептеріндегі ағымдағы жағдайды, осы саланы реттейтін заң актілері мен нормативтерге, бағдарламаларға, сатып алу жұмыстары мен мамандармен болған сұхбаттарда анықталған жағдайларды негізге ала отырып, қазіргі кездегі спорт жабдықтарымен қамтамасыз ету деңгейі өте төмен деген қорытынды жасауға болады. Оқушылар мен ұстаздар дене шынықтыру пәнінде көп қажетті жабдықтарды пайдалана алмайды, ал пайдаланып жүрген жабдықтары өте сапасыз, көпке жетпейді. Осы анықталған проблемалардың себептері:

Бұл саланы қаржыландырудың қажетті деңгейде болмауы.

Мәселен, 2016 жылы Шымкент қаласы мектептеріне спорт жабдықтарын сатып алу мақсатында небары 6 930 735,72 теңге бөлініп, сатып алу конкурсының нәтижесінде 5 214 413,28 теңге жұмсалған. Сатып алынған жабдық түрлері – 9. Оның ішінде үшеуі болуы тиіс жабдықтардың тізіміне кірмейді. Ал талап бойынша 94 түрлі жабдық қамтылуы тиіс болған. 2017 жылы осы салаға 9 775 889,72 теңге қаралып, сатып алу конкурсының нәтижесінде 7 050 989 теңге жұмсалған. Сатып алынған жабдық түрлері – 12. Оның ішінде біреуі болуы тиіс жабдықтардың тізіміне кірмейді. Бұл қажетті сомадан бірнеше есе аз.

Мектептердің сұраныс деңгейі ескерілмеуі.

Жауапты мекемелердің Білім және ғылым министрінің жоғарыда аталған №70 бұйрығын басшылыққа алмауы. Мәселен, жалпы орта мектептерде 94 позиция бойынша жабдықтар болуы тиіс болса (негізгі мектептерде 100 позиция), қазіргі кезде жағдай төмендегідей:

Мектеп №1 – 23 позиция;

Мектеп №2 – 34 позиция;

Мектеп №3 – 41 позиция;

Мектеп №4 – 41 позиция;

Мектеп №5 – 44 позиция;

Мектеп №6 - 36 позиция;

Бұл жерде тек позициялардың саны бойынша көрсеткіштер. Ал әр позицияның ішіндегі сандық көрсеткіштер бойынша мәліметтер ағымдағы жағдайды талдау бөлімінде келтірілді.

3. Мектептердің спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілу жағдайы, бөлінетін жабдықтар сапасының тиісті органдар тарапынан қадағаланбауы.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен болған сұхбат кезінде бұл жағдай арнайы тексерілмейтіні, қадағаланбайтыны белгілі болды. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 409 - бабы (Білім беру, дене шынықтыру және спорт саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар), 8 тармағында: сабақтар мен спорттық жарыстар өткізілетін орындарды спорт жабдықтарымен қамтамасыз ету талаптарын сақтамағаны үшін заңды тұлғаға 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынуы көзделген. Пән мұғалімдері, Шымкент қалалық білім бөлімі маманымен сұхбат кезінде мұндай бірде-бір жағдай әлі болмағаны анықталды. Нәтижесінде мектептерге қазір бөлініп жатқан жабдықтардың сапасы өте төмен. Тіпті, кей жабдықтар Сатып алу конкурсының техникалық талаптарында көрсетілген шарттарға сай емес. Ал берілген жабдықтар сапасы төмен болуы себепті, қысқа мерзімде тозып, қолдануға жарамай қалады. Нәтижесінде дене шынықтыру сабақтары оқу жылының басым бөлігінде арнайы жабдықтарсыз өтеді.

Бұл саланы қаржыландыру жұмыстарының ашық болмауы, қоғамдық бақылаудың жоқтығы. Ақпараттың қол жетімсіздігі.

Бұл салаға бөлінетін қаржы, сатып алынатын жабдықтар бойынша мәліметтер goszakur.gov.kz сайтында жалпылама қолжетімді және тек 2016, 2017 жылдардағы сатып алу шаралары бойынша. Бірақ, нақты мектептер бойынша мәлімет қолжетімсіз. Он мектептің 2013-2018 жылдар аралығында қамтамасыз етілуі бойынша қаржылық және жабдықтар түрлері бойынша Шымкент қаласы әкімі мен Қалалық білім бөлімі басшысына жолдаған сұранысыма бұл туралы мәліметтерді бере алмайтыны жайлы жауап алдым. Ақпараттың толық қолжетімді еместігіне бұл жағдай дәлел бола алады.

Пән мұғалімдері, Білім бөлімі мамандарының тиісті заңдық, құқықтық нормативтерді білмеуі.

Сәйкесінше, жұмыс барысында қолданбауы.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінде мектептердің тиісті қамтамасыз етілмеуі жағдайында қаралған шара түрі бойынша пән мұғалімдері білмейтіні белгілі болды. Сондай-ақ, Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы жайлы да пән мұғалімдері мен Білім бөлімі мамандары білмейді. Бұл өз жұмысына қажетті жағдайларға талап етуде, заңды сақтауда үлкен кемшілік болып тұр.

Мектептерге спорт жабдықтарын сатып алу жұмыстары дұрыс жүргізілмеуі.

Мемлекеттік сатып алу жұмыстарын талдау, мамандармен тереңдетілген сұхбат бөлімдерінен белгілі болғандай қазіргі сатып алынатын жабдықтардың сапасы қадағаланбайды. Саланы реттеуші нормативтерді ескермеу салдарынан қаржының мақсатсыз жұмсалыуына жол беріліп отыр. Бір қатысушының пайдасына басқа қатысушыларды конкурстан шеттету, қатысушылар арасында сыбайластық жағдайлары да бар.

Саланы реттеуші заңдар мен нормативтер сақталмауы.

Заң актілері мен нормативтерді талдау кезінде белгілі болғандай, саланы реттеуші заңдар сақталмайды. «Білім беру» туралы заңда кепілдік берілген құқықтар мен міндеттер, «Жалпыға орта білім берудің мемлекеттік стандарттарында» қаралған талаптардың орындалуына қажетті жағдай жасалмаған. Салаға қатысты мемлекеттік, жергілікті даму бағдарламаларында бұл сала арнайы қарастырылмаған. Ал «Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» осы салаға қатысты көзделген мақсаттарға қол жеткізілмеген.

Мектептерге бөлінетін спорт жабдықтарының сапасын реттейтін, сапа стандарттарын белгілейтін арнайы нормативтік құжаттың болмауы.

Проблеманың салдары:

Мектептерде дене шынықтыру пәні төмен деңгейде өтеді. Бұл жасөспірімдердің физикалық дамуына, дұрыс қалыптасуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Мектепішілік, мектепаралық түрлі спорт жарыстарына дайындалуға, қатысуға, ұйымдастыруға мүмкіндіктер жоқ.

Мектепке қажетті спорт жабдықтарын ата-аналар сатып әпереді, дене шынықтыру пәні мұғалімдері өздері сатып алады. Бұл олардың экономикалық жағдайына кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ, заң тұрғысынан бұл дұрыс емес.

Тиісті талаптарды сақтамағаны үшін заңды тұлғаға (бұл жағдайда - мектепке) 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

Спорт жабдықтарын сатып алу шарасы бойынша жұмыс дұрыс жүргізілмеуі, тиісті нормативтерді сақтамау, бұзу салдарынан сатып алу процесі кезінде заң бұзу жағдайлары болады. Мәселен, мемлекет қаржысын мақсатсыз жұмсау, сыбайластық.

Анықталған проблемалар мен себептерін талдай отырып, мынадай ұсыныстар жасалады:

Шымкент қаласы мектептеріндегі спорт жабдықтарына толық инвентаризация жүргізу;

Спорт жабдықтарына қаржы бөлуде мектептердің сұраныс деңгейін негізге алу;

«Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы №570 бұйрығына сәйкес, мектептердің спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізіп отыру. Мониторинг нәтижелерін Білім және ғылым министрлігінің, жергілікті білім беру басқармаларының, Білім беру

сапасын қадағалау департаменттерінің сайттарында тұрақты жариялап отыру;

Жергілікті Білім саласындағы бақылау департаменті, қамқорлық кеңестеріне мектептердің спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілуін реттейтін заңдардың, нормативтердің сақталуын қадағалауын жүктеу. Бұл қызметті орындау міндетін нормативтік құқықтық актімен бекіту;

Білім саласын басқарушы қызметкерлер, мектеп басшылары мен пән мұғалімдерінің спорт жабдықтарымен жарақтандыру бойынша арнайы нормативтер мен заңдарды білуін қамтамасыз ету;

Білім және ғылым министрлігі мектептерге сатып алынатын спорт жабдықтарының сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтер әзірлеуі қажет. Осы норматив негізінде Білім беру сапасын қадағалау департаменттері мен қамқорлық кеңестерінің жабдықтардың сапалық талаптарға сай болуын қадағалауын қамтамасыз ету;

Мемлекеттік сатып алу жқмыстарындағы кемшіліктерді жою, процесінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Бұл мақсатта «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға сатып алу процесіне қоғамдық ұйым өкілдерінің бақылау жүргізуіне, қатысуына мүмкіндік беретін нормаларды енгізу;

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһаздармен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің №70 бұйрығында көрсетілген мектептерде болуы тиіс жабдықтардың тізіміне өзгеріс енгізу. Мектептерде болуы тиіс жабдықтар тізімін бекітуде аймақтардың климаттық ерекшеліктерін ескеру.

